

С. М. Нұрғалиева, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің психология кафедрасының аға оқытушысы;

Е. М. Нұрғалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының басқару кафедрасының аға оқытушысы, полиция аға лейтенанты

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

Студенттердің тұлғалық қалыптасуы олардың болашақ кәсіпке деген дайындығы қазіргі кезеңдегі кәсіпке дайындау мекемелерінің жұмыстарын теориялық және тәжірибелік түрде жетілдірудің негізгі мәселесі болып отыр. Тұлға мәселесі қашанда өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Жоғары оқу орындарында студенттерді кәсіби-бағдарлы психологиялық дайындаудың кәсіби білім беру жүйесінің нақты құрамдас бөлігі болуы шарт. Болашақ мамандардың оқу кәсіби білім алу іс-әрекетінің психологиялық қиындықтарымен сабақтасып жататыны белгілі. Бұл жоғары оқу орнында тұлға, болашақ маман, оқу тәрбие процесінің субъектісі ретінде дамып жетілуіне кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар қоғамдағы әрқилы әлеуметтік, экономикалық сондай-ақ саяси жағдайлар студенттерді әрқилы психологиялық мәселелерді шешуге мәжбүр етеді. Студент тұлғасының қалыптасуы және тұрақты бағыттылықты қолдауы қайтарым байланысының заты, іс-әрекет затымен перспективаның талаптарына сәйкес үздіксіз процесті көрсетеді. Мотивтердің қалыптасуын В. И. Кобалев айтқандай ниет мақсат жүйесі сияқты қажеттілік қалыптасуымен теңдесіп жүреді. Қажеттілік және басқа да компоненттер (қызығушылықтар, мақсаттар) перспективаның танымы мен адамның нақты мотивтер қажеттілігінен туындайтын трансформациялар тұрақтана түседі. Кәсіптік бағдарлану — бұл мамандық таңдау процесін басқару мақсатымен өсіп келе жатқан ұрпаққа әсер етудің күрделі жүйесі. Осы мәселені көптеген ғалымдар қарастырды. Т. В. Кудрявцев адамның кәсіби дамуының төрт стадиясын бөліп қарастырады: кәсіби бағдарланудың пайда болуы мен дамуы, кәсіптік оқыту, кәсіптік бейімделу, жеке тұлғаның өз бетімен еңбек етуін жүзеге асыруы. А. С. Егоров пен В. Е. Гаврилов нақты мамандықтағы адамның өмірлік жолы төрт кезеңге бөлінетінін айтты. Олар: алғашқы бейімделу кезеңі; созылмалы бейімделу кезеңі; тұрақты еңбек ету кезеңі және жәрдем ақы кезеңі. А. И. Китов жеке тұлғаның кәсіби қалыптасуының үш стадиясын бөліп қарастырды. Г. А. Андреева әлеуметтенудің үш стадиясын көрсетті: еңбекке дейінгі, еңбек ету кезіндегі, еңбек еткеннен кейінгі. В. Г. Подмарков мамандықты меңгеруге элементтер комплексін қосады. Олардың қатарына мыналар кіреді: еңбектік бағдар еңбек әлеміне ену ретінде, жұмыс еңбек операцияларын орындау ретінде, еңбекке деген қатынас субъективтік баға ретінде. В. И. Ковалев маманның кәсіби дамуын қарастырып, оның келесі кезеңдерін көрсетеді: кәсіби бағдарланудың алды, мамандық таңдау, кәсіптік оқыту, кәсіби әрекет.

Жоғары оқу орнындағы психологиялық даярлық оқудағы тұлғалық — кәсіби қалыптасу мәселесі Б. Ананьев, А. А. Бодалев, Э. Ф. Зеер, И. А. Зимняя, Е. А. Климов, Е. И. Степанова, А. В. Петровский, Н. С. Пряжников және т. б. еңбектерінде қарастырылған болатын.

Жоғары оқу орындарында студенттерді психологиялық дайындау негізін М. Қ. Бапаева психологиялық пәндер бойынша білім беруді жетілдіру деп қарастырады. Ол психологиялық пәндер мазмұнына қарым-қатынас психологиясының тиісті мәселелерін енгізу студенттердің білікті маман, тұлға ретінде қалыптасуының шарты ретінде қарастырады. Мамандық таңдау бағдарын тұлғаның ішкі әлемімен және естің белсенді қайнар көздерінен ғана түсінумен шектелмейді. Бұл бекітулер соңына дейін дәлелденбеген. Мұндай көзқарастар адамның мінез-құлқына, мотивационды факторларының өзгерістеріне, өзіндік анықтауға деген ұмтылыстарының асқынуымен жоққа шығарылуы мүмкін. Мотивтердің өзара күресу салдарынан тек қайта бағдарлау немесе алдына қойған мақсаттылық сақталынып қалуы мүмкін. Бірақ ішкі күрес өз-өзімен адам өзінде қалыптастырған біріншілік мәнді өзгерте алмайды. Жаңа мотивті қабылдауда

талаптар туралы жаңа ақпараттар кәсіпті таңдау барысындағы, тұлға бойына қалыптастырған біріншілік мәнді өзгерте алмайды. Сондықтанда ондай салдардан мотивтердің қозғалуы жүзеге аспайды. Сыртқы деңгейден ішкі деңгейге дейінгі қарама-қайшылық қамтамасыз етілмейді. Адам өз кәсібі туралы жаңа ақпарат алу барысында оған басқаша көзқарас қалыптастыруы мүмкін. Ол ақпараттық мазмұндылығымен мәнділігінің және оны тұлғаның психологиялық меңгеруі нәтижесінде жүзеге асады. Сондықтан болар түрлі мамандық таңдау туралы жүргізілген түрлі лекциялар мен әңгімесулер қызықтырмауы мүмкін. Адамның бағдарды ұстамды оны содан қанағат алуынан дамуы, жаңа әрекеттер мен іс-әрекеттер процестерін игеруде болады. Қажеттіліктерді дамытуда көптеген басқа да механизмдер бар. Іс-әрекетте жаңа қажеттіліктердің тууына кәсіби бағытталу қуәлік етеді. Сонымен тұлғаның кәсіби бағытталуының психологиялық механизмі ретінде, кәсіби маңызды қасиетті анықтаушы: мотивтердің күрделі көп деңгейі, құндылықтар, тұлғалық мағына және қабілеттер болады. Тұлға толық құрылымындағы оның бағыттылығымен анықталады. Тұлғаның бағыттылығы адам санасы мен іс-әрекетіне әсер ете отырып оның өмірін ұйымдастырады. Саналы өмір сүретін адамдар ерте ме кеш пе өздерінің өмірге деген қатынасын анықтау алдында тұрады да, бұл мәселені олар түрліше шешеді — ұнайтын немесе белгілі бір жағдайларға байланысты оларға қандайда бір мүмкіндік беретін кәсіпті таңдайды. Кейде адам өте ерте өзінің таңдауын тиімді табады, ал кейде белгілі бір шарттарға байланысты бірнеше сәтсіздіктерге ұшырауы мүмкін. Тиімді кәсіп табылған сәттен бастап ол тұлғаға анықталуға мүмкіндік береді. Тиімсіз кәсіпті таңдау адамның жеке даралығынан айырылуына себеп болады. Кәсіби іс-әрекетке деген дайындық адам тұлғасының белгілі бір қасиеттерінің арақатынасымен қамтамасыз етіледі: таңдап алынған еңбек іс-әрекетке деген жағымды белсенді қатынас, кәсіпке деген қызығушылық, еңбек барысындағы қалыпты психикалық жағдайды сезіну (сенімділік, шығармашылық қуанышы, жаңашылдықты сезіну), белгілі бір кәсіби білімдер мен біліктіліктерге, бірнеше мінез ерекшеліктеріне ие болу (еңбек сүйгіштік, мақсаткерлік, ұйымдасушылық, өзбеттілік). Ал осының бәрі көбінесе кәсіби дайындық барысында қалыптасуы тиіс.

Қазіргі заманда білім беру принциптерінің бірі тұлғалық бағыт принципі адамдардың шығармашылық мүмкіндігінің барынша дамуын, тұлғаның өз жұмысында өзінің білімі, біліктілігі дағдыларымен қатар талантын да қолдануын талап етеді. Осыған орай қалыптасқан білім беру жүйесінде фундаментальды теориялық қарастырылған тұжырымдарды, апробациядан өткен әдістемелерді, көп ғасырлық тәжірибені қолдану іске асқанымен талантты тәрбиелеу, шығармашылықты дамыту мәселесі әлі де шешім күткен мәселелер қатарында жатыр. М. И. Меерович және Л. И. Шрагина көрсеткендей, қазіргі заман қоғамына алдында жүретін педагогика, яғни тұлғаға ойлаудың шығармашылық стилінің тұрақты компоненттерін қалыптастыратын интеллектуалды және психологиялық даму жүйесі қажет. Кәсіби бағыттылық ұғымында оның мазмұндық және динамикалық сипаттамаларын анықтайтын жекелеген жақтарын көрсетуге болады. Біріншісіне бағыттылықтың толықтығы мен деңгейі жатса, ал екіншісіне оның қарқындылығы, ұзақтылығы және тұрақтылығы жатады. Бағыттылықтың толықтығы мен деңгейі кәсіби бағыттылықтың мазмұндық — тұлғалық сипаттамасын көрсетеді және белгілі бір деңгейде оның ресми — динамикалық ерекшеліктерін анықтайды. Кәсіби бағыттылықтың толықтығы дегенде кәсіпті ұнату мотивтер шеңбері туралы айтылады. Кәсіпке деген таңдамалық белгілі бір іс-әрекет мазмұнының жекелеген жақтарымен, сондай-ақ кәсіптің белгілі бір сыртқы көрсеткіштерімен байланысқан жекеленген мотивтердің пайда болуымен басталады. Белгілі жағдайларда адам үшін кәсіпке байланысты көптеген факторлар маңызды болуы мүмкін: оның шығармашылық, кәсіби өсу мүмкіндіктері, кәсіптің таңдамалылығы, оның қоғамдық мәнділігі, еңбектің материалдық, гигиеналық және т. б. шарттар мінез ерекшеліктерімен әдеттерге сәйкес келуі мүмкін. Осының бәрі кәсіби бағыттылықтың адамның қызығушылықтар, идеалдар, бағыттар, құндылықтар шеңбері негізінде пайда болады. Қазіргі кездегі көптеген психологтар адамның әлем, өзі және әлемдегі өзінің орны туралы көзқарастарын анықтайтын кәсіби бағыттылықтың құндылық-мәндік құрылымдардың қалыптасу мәселесіне кәсіби өзіндік анықталудың маңызды міндеті ретінде қарауды ұсынады. Кәсіби өзіндік анықталу — бұл кәсіби іс-әрекетінің тұлғалық маңызды мәндерді саналы түрде іздеуді және тұлғаның өзінің өмірлік

жолын іздеуді өзіне қосатын ұзақ уақыттық және көп жақты процесс. Студенттердің жоғары оқу орнындағы тұлғалық кәсіби іс-әрекетте тапқан мәндер мен құндылықтарға байланысты кәсіби даярлық кезеңінде өзіндік тануға деген ұмтылысты нығайту міндеті тұрады. Өзінің қасиеттерін, қабілеттерін, даму мүмкіндіктерін білу мазмұнды толыққанды оқу іс-әрекетіне және мәндік байланыстарды байытуға әкеледі. Өзіндік тану арқылы студент өзінің санасының құндылық мәндік мазмұнында бағдар жүргізе алады. Мұндай жетістіктерге студенттерді жоғары оқу орындарында оқыту барысында кәсіби-бағдарлы психологиялық дайындық жүргізу барысында қолжеткізуге болады.